



Мемлекет басшысы конституциялық реформаға қатысты түсін жатқан ұсыныстармен танысты

Қасым-Жомарт Тоқаев
Мемлекеттік кеңесші Ерлан
Қаринмен және Президенттің
құқықтық мәселелер
жөніндегі көмекшісі Ержан
Жиенбаевпен Парламенттік
реформа бойынша кезекті
жұмыс кеңесін өткізді.

Ерлан Қарин Мемлекет басшысы-на Жұмыс тобының 9 қаңтарда өткен отырысында болашақ бір палаталы Парламенттің мәртебесін, өкілеттіктері мен функцияларын анықтауға, сондай-ақ биліктің басқа да тармақтарымен өзара іс-қимылына қатысты тәсілдер



әзірленгенін айтты. 15 қаңтарға жоспарланған келесі отырыста жаңа Парламенттің басты мемлекеттік

институттардың қызметін қамтамасыз ету өкілеттіктері талқыланады.

Ержан Жиенбаев Мемлекет бас-

шысын конституциялық реформаға қатысты Жұмыс тобы мүшелері мен жұртшылықтан келіп түскен жаңа ұсыныстармен таныстырды.

Президент барлық пікір мен бастаманы ескеру қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ конституциялық реформа бойынша түпкілікті шешімді ел азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайтынын мәлімдеді.

Сонымен қатар кездесуде Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өтетін бесінші отырысына дайындық мәселесі қаралды. Мемлекет басшысы Құрылтай отырысын өткізуді осы жылдың 20 қаңтарына белгілеп, алдағы маңызды іс-шараны ұйымдастыру және оған тыңғылықты әзірлену жөнінде нақты тапсырма берді.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫ ПРОБЛЕМАСЫН ШЕШУ ҮШІН ЖАҢА ҚУАТТАРДЫ ГЕНЕРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖИЫН ӨТКІЗДІ

Премьер-министр Олжас Бек-
тенов электр энергетикасы
саласын дамыту мәселелері бой-
ынша жиын өткізді. Оған Премьер-
министрдің бірінші орынбасары
Роман Скляр, «Самұрық-Қазына»
ҰАҚ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан
Жақыпов, Премьер-министрдің
орынбасары – Үкімет Аппаратының
басшысы Ғалымжан Қойшыбаев,
Премьер-министрдің орынбасары
– ұлттық экономика министрі Серік
Жұманғарин, энергетика министрі
Ерлан Ақкенженов, «Самұрық-
Энерго» және «KEGOC» ұлттық
энергетика компанияларының
басшылары Қайрат Мақсұтов пен
Нәби Айтжанов қатысты.

Жиында Энергетика министрлігі, «Самұрық-Энерго», KEGOC және энергия өндіруші ұйымдардың Президенттің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттер шеңберінде жүргізіп жатқан ағымдағы инфрақұрылымды жаңғырту және жаңа қуаттарды генерациялау жөніндегі жұмыстарының қарқыны қаралды.

Энергетика министрлігі ауқымды инвестициялық жоспарды жүзеге асырудың практикалық кезеңіне көшуде. Бүгінгі таңда жалпы инвестиция көлемі 13 трлн теңгеден асатын және жалпы қуаты 15,3 ГВт болатын 81 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде. Іске қосылып жатқан жобалардың едәуір бөлігі электр қуаты нарығының тетігі арқылы жеке инвестицияларды тікелей тарту есебінен жүзеге асырылуда.

Ерлан Ақкенженов алдағы үш жылда негізінен реттеу қуатының тапшылығын жабуға және Бірыңғай

энергетикалық жүйенің икемділігін арттыруға бағытталған маневрлі генерация сегментін іске қосу жоспарланып отырғанын баяндады.

«Қазіргі жұмыс жүргізіліп жатқан нысандарды іске қосу 2027 жылдың бірінші тоқсанының соңына қарай экономиканың электр энергиясына деген қажеттілігін толығымен жабуға және Қазақстанды энергиядан тапшылық көріп отырған елдер қатарынан шығаруға мүмкіндік береді. 2029 жылға қарай электр энергиясының да, реттеу қуатының да тұрақты профицитіне қол жеткізілмек, бұл еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға жағдай туғызады», — деді энергетика министрі Ерлан Ақкенженов.

Жалпы, 2035 жылға дейін қосымша 26 ГВт-тан астам қуат өндіру көздері іске қосылатын болады.

Жиында «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Мақсұтов пен «KEGOC» АҚ басқарма төрағасы Нәби Айтжанов баяндама жасады.

Премьер-министр энергетикалық жобаларды жүзеге асыру кезінде мерзімдерін кейінге ысыру практикасын сынға алды.

«Президент энергетикада тиісті динамика жоқ екенін бірнеше мәрте айтып келеді. Сондықтан, барлықтарыңыз барынша күш жұмылдыруларыңыз керек. Барлық жоспарланған жобалар белгіленген мерзімде жүзеге асырылуы тиіс. Ешқандай үзілістер, ығысулар болмауы керек. Министр, «Самұрық-Энерго» және KEGOC басшылары, сіздер әрбір нысан үшін тікелей жауаптысыздар. Сіздердің жұмыс орындарыңыз – кабинеттерде емес, құрылыс алаңдарында», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Энергетика министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы 124,6 млрд кВтсағ тұтыну деңгейінде электр энергиясын өндіру 123,1 млрд кВтсағ-қа



жетті. Бір жыл ішінде жалпы белгіленген қуат 25,3 ГВт-тан 26,7 ГВт-қа дейін өсті. Генерацияның негізгі көздері бұрынғысынан көмір стансалары болып қала береді (51,4%), алайда газ генерациясының үлесі (25,6%) мен ЖЭК (13,5%) те өсуде.

Соңғы екі жылда нарықты ырықтандыру нәтижесінде күрделі жөндеуге 902 млрд теңге тартылды, бұл технологиялық ереже бұзу санын 27%-ға төмендетуге және 9 ЖЭО-ны «қызыл» аймақтан шығаруға мүмкіндік берді. Бұл ретте компаниялардың иелеріне дивиденд төленген жоқ. Барлық қаражат тек қана станса жабдықтарын реконструкциялауға және жаңартуға кері инвестициялануда. Бұл активтерді жаңарту жобаларының пулын арттыруға және генерация секторына нақты капиталдың келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде таза көмір технологиялары негізінде көмір генерациясын дамыту перспективалары қаралды. Бүгінгі таңда мердігерлер анықталып, стратегиялық маңызды нысандарды жүзеге асыру басталды. Олардың қатарында Екібастұз ГРЭС-3 (2 640 МВт), Курчатова қаласындағы жаңа станса (700 МВт), сондай-ақ Көкшетау (240 МВт), Семей (360 МВт) және Өскемен (360 МВт) қалаларындағы жылу электр орталықтары бар.

Желілік инфрақұрылымды дамытуға қатысты «KEGOC» АҚ-ның Оңтүстік аймақ желісін күшейту бойынша жұмыстар жүргізілуде, яғни ұзындығы 475 шақырым «Шу – Жамбыл – Шымкент» (500 кВ) әуе электр тарату желісі тартылуда. Сондай-ақ ұзындығы 604,3 шақырым болатын «Өлке – Қарабатан» (500 кВ) әуе желісін салуды көздейтін Батыс Қазақстан энергожүйесін ЕЭЖ елдерімен біріктіру жобасы жүзеге асырылуда. Екі жоба да кестеге сәйкес жүргізілуде, 2027 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

Компания 2035 жылға дейінгі ұзақмерзімді перспективада 6 659 шақырым жаңа 220-500 кВ желісін іске қосуды және 10 591 шақырым желіні реконструкциялауды жоспарлап отыр. Бүгінгі таңда ұлттық электр желісіне 83 қосалқы станса мен жалпы ұзындығы 27,9 мың шақырым болатын 398 әуе желісі кіреді, трансформаторлардың жалпы қуаты – 38 893,6 МВА.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның жобалар портфелінде 2035 жылға дейін жаңа қуаттарды іске қосу жоспары 7,4 ГВт-ты құрайды. Негізгі жобалардың қатарында 2026 жылдың қазан айында іске қосылатын Алматы ЖЭО-2-ны жаңғырту, сондай-ақ Екібастұз ГРЭС-2 стансасын 2028 жылдың қазан айында 3-ші блогын және 2030 жылдың қазан айында 4-ші блогын іске қоса отырып, кеңейту және реконструкциялау жұмыстары бар.



Жетісу облысы инвестиция тарту жоспарын орындауда республикада 4-ші орында

Өткен жылы Жетісу облысының экономикасына 610,9 млрд. теңге инвестиция тартылып, жоспар 106,5% орындалды. Бұл – республикада жоспардың орындалуы бойынша 4-ші көрсеткіш. Аталған соманың 434,8 млрд. теңгесі бюджеттен тыс инвестициялар, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, 2025 жылдың қорытындысы бойынша 1 мыңға жуық жұмыс орнын құрған 25 жоба іске асырылды. Бұл жобалар ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік және логистика, «жасыл» энергетика, туризм және басқа да салаларда қолға алынған.

Бұл ретте былтыр өңірде шағын және орта бизнесті қолдауға 5,9 млрд теңге бағытталды. Іске асырылып жатқан мемлекеттік қолдау шараларының арқасында 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша облыста 63 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді, бұл 2024 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 4%-ға артық. Осы орайда шағын және орта бизнес өңірдегі халықты жұмыспен қамтудың негізгі көздерінің бірі болып қала бермек.

Мәселен, өткен жылдың соңында Талдықорғанда іске қосылған жаңа нысандардың бірі электр жабдықтарына арналған бөлшектер шығаратын кәсіпорынды атап өтуге болады. Бұл жобада 40-қа жуық жұмыс орны құрылған, 1 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылған.

- Біздің кәсіпорында 100-ге жуық өнім түрі өндіріледі. Қосымша корпустар салу, номенклатураны кеңейту және жаңа нарықтарға шығу жоспарланып отыр. Мұнда жобалау, сызбаларды әзірлеу, бөлшектерді жасау, құрастыру және сапаны бақылау сияқты барлық кезеңдер бір нысанда атқарылады. Станоктарымыз әмбебап, оларды энергетика саласында сұранысқа ие кез келген өнімді шығару үшін қайта пішіндеуге болады. Бұл ретте біз «ТАТЭК» АҚ-мен белсенді түрде ынтымақтаса жұмыс істейміз, - деп атап өтті зауыт директоры Дәулет Әубәкіров.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Вакцинация-өмірдің алғашқы күндерінен бастап Денсаулықты сенімді қорғау

Баланың денсаулығына қамқорлық алғашқы емханаға барар алдында басталады. Алдын алудың негізгі және тиімді құралдарының бірі — уақтылы және ғылыми негізделген вакцинация.

Өмірдің алғашқы жылдарында баланың денесі инфекцияларға осал болады. Егер ересек адамда ауру жеңіл түрде жүруі мүмкін болса, онда нәрестеде ол ауыр асқынуларға — жүйке жүйесінің зақымдалуына, мүгедектікке және тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Қызылша, көкжөтел, сіреспе және полиомиелит сияқты инфекциялар нәрестелер үшін ең үлкен қауіп болып табылады.



Бүгінгі таңда медициналық қоғамдастықта вакциналардың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы нақты дәлелдер бар. Вакцинацияның арқасында айтарлықтай қысқартуға және бірқатар ауруларға байланысты олардың таралуын толығымен тоқтатуға мүмкіндік туды. Бұл инфекциялар жақында балалар өлімінің негізгі себептерінің бірі және өмір бойы ауыр зардаптардың бірі болды.

ДДҰ мәліметтері бойынша, вакцинация жыл сайын 3 миллионнан 5 миллионға дейін өлімнің алдын алады және денсаулық сақтаудың ең сенімді құралдарының бірі болып қала береді.

Барлық вакциналар көп сатылы сапаны тексеруден өтеді және әр кезеңде — өндірістен бастап қолдануға дейін қатаң бақылауда болады.

Соңғы үш онжылдықта балаларды иммундау жөніндегі тиімді ұлттық саясаттың арқасында эпидемиялық паротитпен - 100 еседен астам, А вирустық гепатитімен - 32 еседен астам, "В" вирустық гепатитімен - 92 есе, қызылшамен және қызамықпен сырқаттанушылықты 90% - дан астам төмендету байқалды.

Бүгінде ата-аналардың өмірінің алғашқы айларынан бастап баласын қорғауға мүмкіндігі бар. Бұл жай ғана медициналық шара емес-бұл бүкіл отбасының ұзақ мерзімді денсаулығына, тұрақты дамуына және қауіпсіздігіне қосқан үлесі.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайты.

Жетісуда жыл сайын 800-дей бала оңалту орталықтарында арнайы емдік шаралар қабылдайды

Жетісу облысында балаларды оңалту қызметімен айналысатын 9 мекеме бар, онда жыл сайын 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі шамамен 800-дей бала оңалтудан өтеді. Осындай оңалту орталықтарының бірі – атқа міну арқылы ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтуды жүзеге асыратын өңірдегі әзірге жалғыз Иппотерапия орталығы, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Атап өтсек, Иппотерапия орталығы «Мерей» балаларды оңалту орталығының базасында ашылған. «Мерей» орталығына облыс әкімінің Панфилов ауданы Жаркент қаласындағы бұрынғы резиденциясы арнайы бейімделініп беріліп, жөндеу жұмыстары жүргізіліп, орталық қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған болатын. Иппотерапиядан басқа орталықта 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі балалар сегіз бағыт бойынша сауықтыру емін алады, мұнда 55 адам жұмыс істейді. Қазіргі уақытта мекемеде 40 бала оңалту шараларын қабылдауда. Соның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған және жүйке жүйесінің жұмысында жеңіл ауытқулары бар балалар да бар. Оларға бассейн, физиотерапия, емдік дене шынықтыру, массаж



және гидромассаж кабинеттері, емдеу кабинеті, тұз шахтасы, еңбек терапиясы кабинеті және т.б. қарастырылған. Мекеменің балаларды тасымалдауға арналған автобусы бар.

- Бүгінгі күні «Мерей» орталығында 40 бала болса, соның 33-і иппотерапия сабақтарына қатысады. Осы бір жыл ішінде 7 баланың жағдайы жақсарғаны байқалды, яғни үш баланың психозмоциялық көңіл күйі тұрақталды,

төрт баланың тірек-қимыл жүйесінің жұмысы жақсарды. Жалпы, жылқының балаларға беретін жақсы энергиясы көп. Балаларды оңалтумен арнайы дайындықтан өткен екі жаттықтырушы айналысады. Дәрігердің ұсыныстарына қарай сабақтар аптасына 2-3 рет ауданы 400 шаршы метр болатын арнайы салынған жабық аренада өткізіледі. Иппотерапия аяққа тұруға, жүруді жақсартуға көмектеседі, арқа бұлшық

еттерін күшейтеді, вестибулярлық аппаратты жаттықтырады, жалпы денсаулықты жақсартумен қатар баланың дамуына оң әсер етеді, - дейді «Мерей» балаларды оңалту орталығы директорының орынбасары Ардақ Бақытқызы.

Иппотерапия сабақтарына қатысатын Хадиджаның анасы өз пікірін білдірді:

- Қызым 6 жаста, Даун синдромы бар. Біз «Мерей» орталығына бірнеше жыл бойы бардық, онда иппотерапия сабақтары өткізіле бастағанда қатты қуандық. Сабақтан кейін балам жағымды эмоцияларын білдіріп, өзін бақытты сезінеді. Жылқымен байланыс балаға физикалық жағынан ғана емес, эмоционалды тұрғыда да пайдалы. Алғашқы сабақтардан бастап-ақ қызымның көңіл-күйі жақсарып, сабырлы бола түскенін, бойында сенімділік пайда болып, қызығушылық таныта бастағанын байқадым. Мамандарға бар ықылас-пейілдерімен жұмыс істейтіні үшін шын жүректен алғысымды білдіремін, - деді Ажарбуви Имерова.

Тағы бір ем алушы Мадиярдың анасы да орталық жұмысына риза. Мадиярдың орталықтан ем алып жүргеніне екі жылдан астам уақыт болған.

- Иппотерапия бізге көп көмектесті. Мадияр атқа мінуді өте жақсы көреді, көңіл күйі бірден жақсарады. Иппотерапияға дейін Мадиярдың аяқ-қолы әлсіз болды, тепе-теңдігін ұстай алмайтын. Қазір аяқ-қолдарының бұлшық еттері нығайды, аяғын баса алатын болды, - деді Мақпал Өскенбаева.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

С 1 января 2026 года пенсионные выплаты из ЕНПФ освобождены от ИПН

С 1 января 2026 года, согласно вступившему в силу новому Налоговому кодексу, доходы в виде пенсионных выплат, единовременных пенсионных выплат на жилье/лечение (ЕПВ) из ЕНПФ освобождены от индивидуального подоходного налога (ИПН), за исключением пенсионных выплат, осуществляемых нерезидентам Республики Казахстан.

Как было?

Ранее все пенсионные выплаты, в том числе ЕПВ из ЕНПФ относились к доходу, который облагался ИПН по ставке 10% у источника выплаты. Пенсионные взносы перечислялись на индивидуальные пенсионные счета до налогообложения, ИПН удерживался при выплатах. При этом учитывались суммы корректировки и налоговых вычетов.

При использовании единовременных пенсионных выплат на жилье/лечение также предусматривалось удержание ИПН. При этом существовало два способа его удержания на выбор получателя: сразу при получении ЕПВ или с отсрочкой

до выплат по графику.

Как с 1 января 2026 года?

ИПН не удерживается со всех видов пенсионных выплат за исключением случаев, если получатель будет нерезидентом Республики Казахстан, а также не будет удерживаться с ЕПВ.

Изменения включают также отмену с 1 января 2026 года начисленных обязательств по уплате ИПН с ЕПВ на жилье/лечение, отсроченных до выхода на пенсию, но не предполагают возврата ранее уплаченных в бюджет налогов.

При этом лица, относящиеся к социально уязвимым группам, имеют право на применение налоговых вычетов в пределах 882-кратного размера месячного расчетного показателя, действующего на 1 января соответствующего финансового года к налогооблагаемому доходу в виде единовременных пенсионных выплат. Это лица с инвалидностью первой, второй или третьей групп, один из родителей или опекунов детей с инвалидностью, один из усыновителей (удочерителей), приемных родителей детей-сирот, ветераны боевых событий и другие категории. Полный перечень лиц – в 404 статье Налогового



кодекса РК. Если получатели, относящиеся к данной категории, при использовании ЕПВ оплатили ИПН сразу, они могут обратиться с соответствующим заявлением и подтверждающими документами в ЕНПФ для применения перерасчета и возмещения ИПН согласно новому Налоговому кодексу в течение трех лет с даты получения ЕПВ.

Что еще изменится?

Также изменения включают отмену с 1 января 2026 года налоговых вычетов по добровольным пенсионным взносам, произведенным в свою пользу, применяющихся в установленных Налоговым ко-

дексом размерах к доходу, подлежащему налогообложению у источника выплаты.

При этом сохранилась норма о том, что добровольные пенсионные взносы, перечисленные налоговым агентом в ЕНПФ в пользу работника, не являющегося доходом физического лица (соответственно, не облагаются ИПН), а для работодателя такие расходы подлежат вычету при расчете корпоративного подоходного налога. То есть в этом случае налоговые льготы получает и работник, и работодатель.

Пресс центр АО "ЕНПФ".

САРҚАН АУДАНЫДЫҚ СОТЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ КЕҢЕЮДЕ

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуы азаматтардың құқықтарын қорғаудың және сот төрелігінің қолжетімділігін арттырудың маңызды тетігі болып табылады.

Сарқан аудандық сотында соңғы жылдары қазақ тілінде қаралатын істердің саны тұрақты түрде артып келеді. Талап арыздар, өтініштер, сот хаттамалары, шешімдер мен қаулылардың едәуір бөлігі мемлекеттік тілде рәсімделуде. Бұл азаматтарға өз құқықтарын ана тілінде қорғауға нақты мүмкіндік беріп отыр.

Сотта іс жүргізудің мемлекеттік тілде жүзеге асырылуы тараптардың сот процесіне толыққанды қатысуына, істің мән-жайын дұрыс түсінуіне және сот актілерінің ашықтығына оң әсер етеді. Сонымен қатар сот қызметкерлерінің қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Сарқан аудандық соты мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты дәйекті түрде іске асыра отырып, сот төрелігінің сапасын арттыруға және халыққа көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлуде.

Алдағы уақытта да сот ісін қазақ тілінде жүргізудің үлесін одан әрі ұлғайту, сот құжаттарының сапасын арттыру және азаматтарға мемлекеттік тілде құқықтық көмек көрсету бағытындағы жұмыстар жалғасын табатын болады.

Ұ.МАМЫТБЕК,
Сарқан аудандық сотының төрағасы.

•101 ескертеді

Ақырын жүріп, анық бас!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ. Бүгінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Бала кезінен тұлғаны патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ.

Е. ТУРСУНОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Абайлаңыз, газ баллоны!

Газ баллондарын және газ құрал - жабдықтарын осы өнімді сатуға сертификаттары бар мамандандырылған ұйымдардан ғана сатып алу керек. Өйткені жұмыс істейтін газ қондырғыларын қауіпсіз пайдалану және оларды тиісті жағдайда ұстау үшін жауапкершілік олардың иелеріне жүктеледі.

Газ ауамен қосылғанда жарылатынын және өртке қауіпті екендігін ұмытпаңыздар! Қосынды тұтануының көздері ашық от, электр құралдарын қосқан және өшірген кезде туындайтын электр ұшқыны болуы мүмкін. Газдың шығуын болдырмау үшін газды жақпас бұрын тарту күшін тексеру қажет.

Тұрмыста газды пайдаланған кезде: Газ құбырларына жіп байлауға (осылай істеген жағдайда бұрандалы біріктірулердің тығыздығы бұзылады, газдың шығып кетуі мүмкін); жанып тұрған плита үстінде киім-кешек және шаш кептіруге; Газ құралдарын, баллондарды, арматураны өз бетімен қайта орнатуға және жөндеуге; жұмыс істеп тұрған газ құралдарын қараусыз қалдыруға; Газ құралдарын балаларға және оларды қауіпсіз пайдаланудың ережелерін білмейтін тұлғаларға қолдануға жол беруге; Газдың шығып кетуін анықтау үшін ашық отты пайдалануға; Қысым реттеуішін нығыздауыш сақинасынсыз немесе төсемсіз орнатуға; Жұмыс істейтін плита маңында тез жанғыш материалдар мен сұйықтықтарды орналастыруға; Бөлмені жылыту үшін газды және газ плиталарын пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Ә. ҚАБДЕШОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.



ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШАТТЫҚ

«Жақсылық жүрген жерде – ырыс бірге жүреді» дейді дана халқымыз. Осы ұлағатты сөздің айқын көрінісі Жаңа жыл қарсаңында «Нұр» Сарқан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында ұйымдастырылған мерекелік шыршада айқын аңғарылды. Жаңа жылдық шырша мерекесі мекеме басшысы Айгерім Тулегеновнаның жүрек жарды құттықтау сөзімен басталды. Қызмет алушыларды келе жатқан Жаңа жылдарымен құттықтап, баршаға мықты денсаулық, көтеріңкі көңіл күй, амандық пен береке тіледі.

Жаңа жыл – жаңару мен үміттің, мейірім мен бірліктің мерекесі. «Жаңа жыл – жаңа үміт» демекші, орталықта өткен бұл игі іс шара қызмет алушыларға ерекше қуаныш сыйлап, олардың көңілін серпілтті. Әсем безендірілген шырша, мерекелік әуен мен шат күлкі зал ішін нұрға бөледі.

Шара барысында орталық мамандары өз өнерлерін ортаға салып қана қоймай, қызмет алушыларды да ән мен биге тартып, ортақ шаттыққа ұйытты. «Өнерлі өрге жүзер» дегендей, әрбір өнер көрсетілім көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Жаңа жыл — жаңарған ой, нұрлы арман,
Жақсылық бастар жолды сан тарамнан.

Ақ тілек, адал ниет тоғысқанда,

Береке қонсын әрбір шаңырақтан. Осындай көркем ойды сөзбен емес, нақты іспен қуаттап, мерекенің мәнін арттыра түскен тағы бір қуанышты сәт — жақсылық жасаудан жарысатын демеушілердің қатысуы болды. «Жақсының жақсылығын айт — нұры тасысын» дегендей, демеушілер қызмет алушыларға естелік сыйлықтар табыстап, шынайы мейірім мен қамқорлықтың үлгісін көрсетті.

«Берген қол — алған қолдан жоғары» дейді халқымыз. Әрбір сыйлық қызмет алушылар үшін үлкен қуаныш қана емес, қоғамның жанашырлығын сезіндірген жүрек жылуы болды. Олардың жүзіндегі қуаныш пен ризашылық - мерекенің басты нәтижесі.

Мейірім бар жерде — бірлік бар,

Бірлік бар жерде — тірлік бар.

Жақсылықпен жарысқан жандарға,

Алғысымыз шексіз, құрметі молынан бар.

Бұл мерекелік шара «Нұр» орталығының басты ұстанымы - адамға құрмет, жанға жылу, жүрекке мейірім сыйлау қағидаларына толық сай өтті. «Көп түкірсе — көп» дегендей, осындай игі бастамалар қоғамдағы өзара сенім мен татулықты нығайта түсері анық.

Нұр төгілсін әр жүрекке, әр үйге,

Береке қонсын елдің әрбір күйіне.

Жаңа жыл жақсылықпен басталып,

Шаттық орнасын өмірдің әр күнінде.

«Нұр» Сарқан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы.

Нұрғали КӨПЕСБАЕВ*(Жалғасы. Басы өткен сандарда).*

Бір күні менің кезегім келіп, алдыңғы шептен, артымыздағы шептен тамақ әкелуге келдім. Бір шұңқырда оншақты адам тұр едік, бір жігіт: «Ананы қара, қазақтың қызы кетіп бара жатыр» деді. Ұмытпасам, 1944 жылдың маусым айы. Қарасам 4-5 қызды бір офицер ертіп бара жатыр. Мойындарында бинокль, мылтығы бар, мергендер екендігі көрініп тұр. Қазақ қызын көріп қуаңғанымнан не істерімді білмей «Қарындас, бері келе кет» деп айқайладым. Ол маған жалт қарап жымыды да кете барды. Кейінде біздің мекен-жайға бір қырғыз мергені келіп сөйлесе келе бұл снайперлер тобында Әлия Молдағұлова деген қазақ қызының бар екенін білдік. Әрине, біздер ол кезде бұл қыздың ерлігімен қазақ атын шығаратындығын білген жоқпыз. Соғыстан кейін Әлияның даңқын естіп, сол кездесуді көз алдыма оралттым.

Жау мен екі арамызда биік өскен қара бидай егістігі бар. Аракидік екі жақтан да тірідей тіл әкелу үшін арнайы барлаушылар жүріп-тұрады. Олардың барлаушылары кемінде бір взвод шамасында болып шығады да тез көзге түсіп қалып, өлгендерін қалдырып зытып отырады. «Шықпаған жанда айла бар» дегендей олар кейде сол қара бидайдың арасымен келіп екі ортаға «Соғысты тоқтатып, қолға түсіңдер» деп матаға жазылған плакат іліп қояды. Келесі түнде олардың плакатын жойып, өз айтқандарын өздеріне қайталап айтып, соның орнына біздің плакатты іліп қоямыз. Радио арқылы сөйлеп, үгіт жүргіземіз. Қан төгіспей соғысты аяқтауды сұраймыз.

Қарсы алдымыздағы Дзодтың үңірейген терезесінен немістер кеш бата музыка ойнатып қояды. Мен оларды жарқырауық оқпен атып көріп едім Дзодтың терезесіне жетеді де, одан әрі залал келтіре алмайды. Жүйкемізді жейтін музыка жалғаса береді.

Мұндайда адам баласы құс ұйқы болып кетеді екен. Ұйықтағаның қайсы, ұйықтамағаның қайсы белгісіз. Күнделікті зуылдаған оқтың дыбысына, жан тапсырып кетіп жатқан қатарластарыңа адамның еті үйреніп кетеді екен. «Шіркін, бұрынғы батырлардың заманындай қылышпен, шоқпармен соғыссақ арманда кетпес едік-ау» деп қиялдаймыз. Өз күшінді көрсете алмай ешкі құмалағындай қорғасынның құрбаны болып кете баратының жаныңа батады.

Ертеңінде түстен кейін Дзод жақтан тағы да музыка естілді. Біздің артқы жағымызда 100 метрдей жерде ПТР-і бар басқа взводтың екі жігіті жатқан. Мен траншеямен жүгіріп әлгі екеуіне келдім де қаруларын сұрап алып терезені көздедім. Дәл тиді, музыканың үні пышақ кескендей үзілді.

Бірде таң сарғайып келе жатқан. Көзім ілініп кетіпті. Окоптың түбінде сүйеніп отырғанмын, түс көріппін, түсімде дәл мен отырған окоптың бүйірінен бір жылан шыға келеді. Мен шағын солдат күрегімен әлгіні талқандап, үшке бөліп тастаймын. Ояна келсем түсім екен. Түсімді жорытайын деп біздің сол қанатымыздағы Қабидың бөлімшесіне келдім. Сол жердегі денелі, қара мұртты оралдық үлкен кісі түсімді жақсыға жорып берді. «Бәрекелді, жігітім! Жақында шабуылға шығатын шығармыз, Германияны жеңіп, тас-талқанын шығарып үшке бөліп аламыз екен» деді ол. «Айтқаныңыз келсін, аға, елге аман-есен оралыңыз» деп жүгіре басып кетіп қалдым.

Біздер дәлдеп ата бергеннен кейін жау жағы менің бөлімшем тұрған жерге снайпер орналасқан деп ұқса керек. Немістер өздерінің снайперін орналастырды да бізді дәлдеп ата бастады. Бір күні ертемен атыс тіпті жиіленіп кетті. Пулемет ұясының тесігінен сығалап жау жақты бақылап тұр едім бір оқ дәл маңдайымдағы шымға былш ете түсті. Балшық бет-аузыма шашырап кетті. Қарасам, шымнан екі елі ғана бері өтпей қалыпты. Егер оқ өтіп кетсе оқ дәл маңдайыма тимек. Енді екінші рет қарай бергенімде екінші оқ дәл иегімнің

тұсындағы шымға тиіп, тағы да екі елідей өтпей қалыпты. Мені снайпер көздеп атып тұр. Шымнан бекітілген маскировка болмаса мен баяғыда өлген екенмін. Ажалсызға дауа жоқ дегенмен сол снайпер менің оғымнан ажалын тартты.

Осы бекіністі бір ай мөлшері қоныс еткен біз таңғы 4 шамасында шабуылға шықтық. Артиллериялық төмпештеуден кейін 1-2 танкі келе қалды. Тайлы таяғымызға шейін түгел көтеріліп, «ура-лап» жөнелдік. Атыс-шабыс, айғай-шу,

көгала түтін ойпыл-тойпылы шыққан жер, ыңырсыған адам... Бір-екі сағат мөлшерінде немістердің окопын басып алып, кейбіреулерін алып ұрып алқымдап, жауды одан әрі өкшелеп қуа бердік. Бір қалың қарағайдың шетіне жеткенде «Тоқтандар!» деген команда берілді. Шөлдеп, шаршағанымызды сонда сезіндік. Арттан қосымша күш келгенше Псков-Остров теміржолын басып алып, сонда бекіндік.

Таңертен ерте дәл біздің қарсы алдымыздан екі-үш ротадай фашистер бізге қарсы шабуылға шықты. Жақындатып алып, көбісін жойып жібердік. Қолға түскендерінен сұрасақ, бұлар румын солдаттары болып шықты. Бізді алдандыра тұру үшін румындарды қарсы шабуылға жіберіп, неміс фашистері зытып отырыпты.

Осы шабуылда мен Қабидан айырылып қалдым. Оның бөлімшесіндегі Молдабек деген жігіт Қабидың шабуыл кезінде қызып кетіп станокты пулеметын өртеніп жатқан танктың үстіне шығарып алып қашып бара жатқан жауларды баудай түсіргенін айтты. Сол шабуылда өзі де қатты жараланыпты, бір қолының сүйегін оқ талқандап кетіпті.

Псков-Остров қалалары жаудан тазартылған соң немістер күніне 30-40 шақырымдай жер қашып барып, біздерді ұрымтал жерден тосып алып ұрғыштайтын болды. Алдын-ала шолғыншы жіберіп, есерсоқ қашқындарды дәл күретамырдан басып талқандауға біз де үйрендік.

Жолда көптеген деревнялар мен хуторларды жаудан босатып, Великая Луки өзеніне келіп тірелдік. Тап-таза мөлдір өзен біз келгенде қып-қызыл қан болып ағып жатты. Олар күні бұрын өзеннің арғы жағына өтіп алыпты. Бізді өзен үстінде төмпештеуді ұйғарыпты. Қанды шайқаспен сол өзеннен өтіп, жау бекінісін тағы басып алдық. Осы ерлігіміз бағаланып, біздің үшінші Прибалтика майданының жауынгерлеріне Сталин қол қойған Алғыс жарияланды.

Бір мезгіл тыныштық орнай қалса таусылып бітпейтін қиялға кетесің. Жауды талқандап жеңсек, елге оралып білім алсақ, үйленсек, балалы-шағалы болсақ деген армандарың алыстан қол созады. Дәл осы кезде қиялыңды талқандап, төбе шашынды тік тұрғызып, құлағыңды шыңылдатып, ысылдаған, гүрілдеген снарядтар жауып береді. Ендігі барлық ойың, сана-сезімің тездетіп жауды өз ұясында талқандау болғаны анық.

Ендігі біздің бағытымыз Пушкин тауы. Кең-байтақ отанымыздың шығыс түкпірінде жатқан басқа ұлттардың перзенттерімен бірге біз, қазақ жауынгерлері, Пушкин тауын жаудан тазартуға үлес қостық. Біздің 103-полк оңтүстіктен шабуылдап, таң атқанша таудың басына шықтық. Жау тау үстіндегі қалың орманға бекініп, кеш батқанша талай боздақтарымыздан айырылды. Түн жамыла біздің жақ шабуылды күшейтті. Кескілескен шайқаспен нысананы алдық. Немістер шетінен беріле бастады, алдыңғы шептегі бізге салса біз оларды тұтқынға алмай толық қырып жіберуді қалаймыз. Амал қанша, бұйрықтан аса алмадық.

Алдымызда Латвия республикасының шекарасы бар екен. Жауды түре қуып

келеміз. Артымызда қалған қанды іздер ел үшін жанын қиған азаматтардың ерлігі. Біз жотаны бауырлап, сайды қуалай жау соңына түстік. Кеш батып ымырт жабылып келеді. Қарабидай егістігімен келіп, картоп себілген алқапқа кез болдық. 200-300 метрдей жерде бір шатырды үй тұр. Екі неміс солдаты әлгінің шатырынан іздегенін таппаса керек. Өрт қоя бастады. Менің автоматымнан атылған оқтан екеуі де ұшып түсті. Бірақ үйдің шатыры өртеніп жатыр. Қасымнан өтіп бара

жатқан бейтаныс офицер «Жарайсың, сержант» деді. Бір орыс әйелі жүгіріп келіп «Мына қарабидайдың ішімен жүрмеңдер, немістер мина құрып кетті» деп хабарлады. Біз рахмет айттық.

Керемет қарнымыздың ашқанын сезіндік. Өлгі үйден тамақ сұрап әкелейін деп жүгіріп бара жатыр едім бақшалықтың шетіндегі бір шұңқырда бір қыз жылап жатыр екен. Орысшалап жөнін сұрадым. Сөйтсем әлгі екі солдат осы қызды іздеген болып шықты.

Әлгі үйдің қожайыны сақалы қауғадай зор адам екен. Менің бұйымтайымды біліп әйеліне нұсқау берді. Әйелі жүгіріп барып жарты шелек сүт, бір бөлке нан, бір бос кружка алып, менің соңымнан ерді. Жолшыбай әйелге қызының жатқан жерін көрсеттім. Ана мен бала табысып, қуаныштан жылады. Біздер сүт пен нанға тойып алып, рахметімізді айтып, ай жарығымен жүріп кеттік. Бұл елді мекен Латвия жеріндегі шекараға орналасқан орыс деревнясы екен. Деревня тұрғындары бізді құшақтап, сүйіп қарсы алды. Нан мен тұзын аузымызға тосып жатыр. Ары қарай батысқа Латвия жерімен ілгерілей бердік.

Біздер батыстың тілін білмейміз, бар білетініміз «хенде хох, шнель-шнель, гитлер капут». Басқа сөзді ол кезде біліп те керегі жоқ, жаумен тек оқ арқылы сөйлесеміз.

Қалың орман, сазды жер. Табанымыз аппақ боп быртытып-быртыып ісіп кетті. Шұлғауымыздың кебу жағын ауыстырып отырамыз. Орман ішінде ойламаған жерден жауға кез келіп қаламыз. Жалғыз-жарым кеткен солдаттар көбінесе оралмайды, сондықтан алдымызға шолғыншы жіберіп, топ-топқа бөлініп, бір-бірімізбен тығыз байланыс жасап отырамыз. Бұл жерлерде орман арасында орналасқан хуторлар көп. Бірақ біз келгенде бір адамды да көрмейміз. Үйлері, қора-қопсылары, малдары сол қалпында тұрады. Немістер орыс жеріндегідей бұл елді мекендерді қиратып өртемеген. Адамдары біз келгенде орманға қашып кетеді. Анда-санда үйінде жүре алмай қалған шалкемпірлер кездеседі. Жөн сұраса орман жақты көрсетеді. Бар болғаны сол орыс жеріндегідей бізді ешкім нан мен тұз беріп қарсы алмайды.

Бірде мынадай оқиға болды. Орман ішімен бір қаланың солтүстік жағынан келіп түстік. Бір жоталау жерге келіп бекіндік. Әлгі қаланы 1-2 неміс самолеттері бомбалап жүр. Кухня бізден мүлде қашықта қалған. Жігіттер орта құрсақ. Қаланың бір шетінен кіріп терезесі ашық бір үйге кіріп кеттім. Үй сияқты емес, кеңсеге ұқсайды. Ұзын-ұзын сейф жәшіктер құлап жатыр. Көгала қағазды ақшалар шашылып жатыр. Бөлмелерді аралап, 3-4 қап кепкен нан, 1-2 фляг бар көрдім. Керегеде гимнастерка жағасына тігетін пластмассадан жасалған ақ жаға ілулі. Стол үстінде дәптер, қарындаштар жатыр. Осылардың бәрінен аздап-аздап алып, жүк қабыма салып алдым. Ақ жаға мен қарындаштарды қолыма ұстап алған едім әлгі кірген терезеден қайтадан атып шықсам қарсыдағы заводтың қабырғасына самолет оғынан паналап оншақты үлкен шенді офицерлер тұр екен. Ортасындағы қара куртка киген бастық мені қолымен ымдап шақырды. Арамыз 40-50 метрдей жер. Мен құстай

ұшып барып рапорт бердім, «Сен мұнда неғып жүрсің, мына қолыңдағы не?» деп барлық алған заттарымды төктіріп, зекіді. «Бізде бәрі бар, бірақ хозчасть артты қалды, жігіттер аш» дедім мен. Соғысу үшін келсең, трофей жинағаның қылмыс деп мені кінәлап, орнына апарып тастауды бұйырды. Мен үндеместен жаңағы шыққан тереземнен қайта кіріп ар жақтағы есіктен шықтым да орман ішімен өз бөлімшеме тайып тұрдым.

Біз кір-қожалақ, аш қарын жау соңына

түсіп келеміз. Ал мына болымсыз заттар бізге бүгін қажет. Сондықтан жолдастарым азға разы болып, ауқаттанып, ақ жағаларын лезде тігіп алды.

Кейінде біздің полкты жүрдек полк деп атады. Әсіресе біздің екінші батальон жеңіл қаруланған. Ылғи да орман ішімен жүріп соғысып келеміз. Сондықтан да біздерді орман арыстандары десе болады.

Кейде жау үстінен түсіп бас саласың. Атыс-шабыс басталады. Алқымнан алып сығымдап, көк қанжарды шұрқылтайдан сұғасың. Алғашқысын өз бауырыңның кегі үшін деп өлтіресің, қалғаны басқа бауырлардың кегі үшін жойылады. «Сұңқар ұшып жетіледі, тұлпар шауып жетіледі», «Қайратыңа әдісіңді жолдас ет, әдісіңе ақылыңды жолдас ет» деген халқымыздың аталы сөздерінің мағынасын осы қан майданда жүргенде үнемі есте сақтадық.

Ұзын сайдың оңтүстік үстімен келеміз. Ойдым-ойдым шоқ қарағай. Сайдың солтүстік жағында жотаның үстінде еңселі үй тұр. Солай қарай кесіп өтейік десек әлгі үйден қол пулеметтен атылған оқ бізді аттап бастырмайды.

Взвод командирі пулеметті жоюға мені жұмсады. Атылған оқтай ұшып барып бір қарағай түбірінің түбіне торс ете түсіп жоқ болдым. Әлгі неміс пулеметшигі өршелене атып жатыр. Бірақ мені түбір сақтап тұр. Өлген кісі сияқты қозғалмадым. 3-4 минуттан кейін артқы жағымда бірдеңе дүрс етіп құлады. Байқап қарасам взвод командирім екен. Мені өліге санап пулеметті құртуға өзі келген болса керек. Мен тағы біраз шыдап жаттым. Фашист болса біз қозғалмаған соң үйдің батыс жағындағы терезеден басын шығарып бізді анықтап көргісі келді. Дәл осы секундта менің автоматымның оғы оны жұлып түсірді.

Бұл үйдің бізге көрінбейтін жағында жеңіл машиналар, мотоциклдер, велосипедтер жиналған екен. Мына өлген пулеметшик бізді бөгеп жолды тосады да, қалғандары көліктеріне мініп қашып жатыр екен. Қоймаларын да тастап кетіпті. Командирімізді дәрігерлік пунктке тапсырып, жаралылардың құжаттарын штабқа табыстап, орман ішінде біраз дем алдық та кемтігімізді толтырып алға жылжыдық.

Әрбір хутор, әрбір деревня, әрбір адым жер соғыссыз берілген жоқ, жау соғыссыз шегінген жоқ. Латвия жерінде бізді күн сайын оқпен қарсы алып жатты. Алдымызда Латвияның астанасы Рига қаласы мен Курляндия аралы бар. Биіктеу жерден қарасақ орман арасындағы тар жолмен 10-15 жеке ат жеккен арбалар кетіп барады. Әрбір арбада екі адамнан отыр. Арба үстінде бір-бір миномет. Аузын бізге, артқа қаратып қойып анда-санда кезек-кезегімен бір-бір минадан ысқыртып атып отырады. Біздің взводқа арбалардың алдын орап, басып алып қирату міндеті тапсырылды. Осы күрделі тапсырманы абыройлы орындап шықтық. Қолға түскен тұтқындардан сұрастырсақ арбада отырғандардың бірі неміс, екіншісі власовшылар болып шықты. Дүниеде отанын сатқан опасыздардан асқан сүйкімсіз ештеңе бола қоймас.

(Жалғасы бар).

• **Еңбек адамы**

**Қалауын тапса, қар жа-
нар»** дейді қазақ. Бір
істің ебін тауып, дараланған
жанның тірлігіне айтылған
сөз болуы керек. Әйтпесе, қар
төркіні су, ал су жанушы ма
еді?! Су да, мұз да, қар да жа-
нады. Тек қалауын тапса. 2026
жылдан бастап, тыңнан түрен
салып, тың кәсіп бастаған,
өнім шығаруды қолға алған
жетісулық кәсіпкерлер жайын-
да тың айдар аштық. «Екі қолға
бір күрек» ұстау екінің бірінің
қолынан келеді. Ал кәсіп ба-
стау, оны өрістету талайлардың
ойында жүргенмен, жүзеге асып
жатпағаны шындық. Бір анық,
кәсіп бастаған жанға демеу ке-
рек, қолдау қажет.

Әйгілі Рэй Крок: «Тәуекелі жоқ адам
кәсіпкерліктен кетуі керек», – депті. Ай-
тылуында зілі жоқ, «айғайлайтындай
ұрансыз сөзді айтқан ол кім?» деген сауал
тұр санаңызда, сеземіз! Әйгілі дедік қой,
әлемнің әр елінде McDonalds мейрамха-
на желісін ашқан кәсіпкер, жазғаны уақыт
үдерісімен үндескен «Time» журналының
пайымынша жер шарындағы «Даңқты 100
адамның» қатарына кірген. Ал сөзі мы-
нау дей көрмеңіз. Қазақтың «Тәуекел тау
жығар» ұлағатымен үндесіп тұр. Шынын-
да, бір кәсіп бастау үшін тәуекел қажет. Ал
нар тәуекелі жоқ кей замандас «Бірдеңе
істеу керек еді» дегенмен әлі жүр.

Азғантай ойды мидың мың қатпарында
тулатқан бір жерлесіміз бар. Өңірде бар
шығар, бар болғанның өзінде мұндай
ауқымдысы жоқ бір кәсіп бастаған. Есімі
– Дархан Жаманбаев. Ол – күркетауық
өсірумен айналысады.

Е, бұл құсты кім өсірмейді, талайлар
100-ге жуығын ауласында өрбіткен дей
көрмеңіз. Біздің кейіпкер 1000 данасын
өсірген. Санамалаңыз, бақандай мың
түйірін. Сіз көрген күркетауық 5-7 келі
көлемінде ет беретін құстар болар, ал
Дарханның құстары берісі 15 келі, әрісі
30 келіге дейін өнім береді. Оның құстары
бар-жоғы 6 айда осындай салмақ жинай-
ды, күркетауықтың бройлер бағытындағы
«Биг-6» және «Бронза-708» деп аталатын
тұқымдары.

– Өу баста тың кәсіп бастауды
ойладық. Ата-бабамыз мыңғыртып қой
бағып, жылқы, сиыр өрістеткен. Қазір
кәсіп бастаймын дегендер төрт түлік
ұстауды орайластырады. Ғаламтордың
арқасында осындай ерекше кәсіпке көз
түсті. Өзі құс, өзі бір қойдың салмағын
бар-жоғы 6 айда жинап береді. Жаңа
туған қозы 3 келі салмақта болады. 6
айда салмағы 15 келіге әрең жетеді. Ал
бройлер күркетауықтың жұмыртқасы
бар-жоғы 85-100 грамның арасы. Сондай
салмақтан 6 айда 30 келіге дейін таза ет
аласың. Осыдан қызығушылықпен кірістік.



Көктеректе құсшы бар тәуекелге бел буған

Алғашқы 500 балапанды 2025 жылдың
маусым айының соңында алдырдық.
Екінші толқынды шілдеде әкелдік. Нәтиже
жаман емес, – дейді құсшы.

Күркетауық өзі кірпияз құс. Балапа-
нын да баладай мәпелеп қарамаса, тез
мұқалады. Соның өзінде жұмыртқадан
шыққан балапанның өзі 80-85 пайыз
ересек күйге жетеді. Қарапайым тілде
айтқанда жаңа шыққан 100 балапанның
80-85 түйірі қатарға қосылады деген
сөз. Оның өзінде бөйек қағып бақпаса
болмайды. Ал бройлер бағытындағы
күркетауықтың бабы тіптен бөлек.
Қағылған қауырсыннан да секем алуы бек
мүмкін. Мұны Дарханның өзі растайды.

– Алматы қаласынан инкубатор-
дан балапан шығаратын кісі таптық.
Өзі жұмыртқаны шетелден әкеледі.
Себебі, «Бронза-708», «Биг-6» үндік
тұқымдары табиғи жолмен көбеймейді
екен. Қазақстанда төрт түлікті қолдан
ұрықтандыратыны секілді бұл
құстарды Еуропада жасанды жол-
мен, яғни аталықтың ұрығын аналыққа
құрылғымен дарыту арқылы көбейтеді.
Келісімге сәйкес 20 күндік балапан алуға
уағдаластық. Келісімге сай сатушы
балапандарға құсқа қауіпті оба мен ше-
шекке, басқа да ауруларға қарсы екпе
салып беруі тиіс. Уәдеге сай орындалды.
Алматыдан 500 балапанды өз көлігіммен
алып шықтым. Қонаев қаласына
жақындағанда құстардың аузын бақадай
ашқанын байқадым. Дереву сондағы до-
сыма хабарласып, ауласына бірер сағат
жайып, су беріп алдық. Бақсақ, брой-
лер күркетауықтарға су ауадай қажет
екен. Күндіз балапандармен сол жердегі
жолдасымның үйін паналап, түнделетіп
жолға шықтық, – дейді Дархан.

Айтпақшы, біз суреттеп отырған
шаруашылық Сарқан ауданына қарасты
Көктерек ауылында орналасқан. Дар-

хан Жаманбаев осы ауылдың тумасы.
Айтуынша, бала күнінен аң-құс өсіруге
әуес. Бұл кәсіпті бастауына да бала кез-
ден табиғатқа жақындығы итермелеген-
дей. Көктерек жайылымдық жері мол,
шөбі шүйгін елді мекен. Осы жағдайды
ескерген кәсіпкеріміз балапандары сәл
қатайған соң күркетауықтарды қой секілді
өрісте бағыпты. Бұл құстың негізгі азығы
шөп. Одан бөлек, құстарының сау өсуіне
далада қаптап жүрген жәндіктер сеп.
Дарханның күркетауықтары кең далада



шегіртке, құрт-құмырсқа аулап жеп, табиғи
жолмен ет жинаған. Айтуынша, құстары
қатайғанша Өзбекстаннан арнайы маман
алдырып, бақтырған.

– Өу баста, күркетауықтың бабын
таба алмадық. Тіпті, самал жел соқса,
ауырып қала берді. 200-ге жуық бала-
пан шығын болды. Содан бізге дейін
құс өсірумен айналысқан өзбек бауыры-
мызды шақыртып, 3 айға жуық сол кісі
қарады. Қазір сол құсшының тәжірибесінің
арқасында 800 күркетауық қатарға
қосылды, – дейді кейіпкеріміз.

Дархан Жаңа жыл мерекесіне

дейін 400-ден астам құсты тұтынушыға
жеткізген. Мерекеден кейін құс өніміне
сұраныс күрт төмендеген. Қалай деген-
мен, 20 келі ет қалтаға ұрады. Бағасы
қымбат болмағанымен, салмақ жағына
келгенде тұтынушы тартынады. Ендігі
ретте бройлер күркетауық етін бөлшектеп,
аз мөлшерде вакуумдық пакетпен сатуды
көздеп отыр. Ол үшін қажетті құрылғы
алмақшы. Айта кететін жайт, өз қаржысына
кәсібін дөңгеленткен кәсіпкер жергілікті 4
тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтуда.
Көктеректік бір тұрғын құстардың жем-
суын беріп, бабын жасаса, 3 кісі құсты
союмен айналысады. Сұраныс артқанда
ауылдың бірнеше тұрғынын уақытша
жұмысқа тартады.

Кәсібін жаңа бастаған Дархан құс
ферманың бар жағдайын жасаған.
Бірнеше бөліктен тұратын жабын қорасы
бар, құсты союға бағытталған бірнеше са-
тылы үй-жайы бар.

– Құс фермасын ашарда оңтайлы
жолды іздедік. Ауылда тек қабырғасы
ғана қаңырап қалған үйді барынша
кәсіпке бейімдедік. Заманауи жабдықтар
алдық. Оңай шаруа болмасын түйсінген
соң, Қазақстан бойынша көп көлемде
күркетауық ұстайтындардан кеңес
сұрадық. Әзірге құс фермамыз кеткен
шығынды ақтап тұр. Қалған құсты шашау
шығармай тұтынушыға жеткізсек дейміз.
Себебі, сойылатын уақыттан асқанда
бұл құсты ұстап тұру шығынға батырады.
Қазір қолда тұрған 400 күркетауық 1 тон-
на жемді 10 күнге жеткізбейді. Бұл – бір.
Екіншіден, уақыт өткен сайын салмақ
қоса береді. Ал ірі салмақтағы құс етін
өткізу қиынға соғады. Барынша қарекет
етіп, етті өткізсек болғаны. Ваккумдайтын
қондырғы жеткізілсе, жабындалған әрі
бөлшектенген құс етін дүкен сөрелеріне

қоюды жоспарлап от-
ырмыз, – дейді құсшы.

Дархан халық ара-
сында мұндай үлкен
құс етін алушылар аз
екенін де алға тартты.
Сол үшін салмағы аз-
дау, бірақ етті тұқымды
өсіріп көрмек. Ол
үшін жергілікті жердің
тұқымын бройлермен
шағыстыруды көздейді.
Алғашқы қадамын
да жасап қойыпты.
«Бронза-708», «Биг-
6» тұқымды құстың
мекиеніне жергілікті
тұқымның қоразын

қосып бөлек ұстап отыр.

Айтпақшы, кейіпкеріміз аңшылық
өнерді дәріптейді. «Жаңабұлақ» атты
аңшылық құрылым да құрған. Сол үшін
250 дана қырғауыл өсіруде. Аң аулауға
келгендерге арнайы жататын орын да
бар. Кейіпкеріміз мұндай құс фермасын
ашу арқылы тәуекелге бел буғанын алға
тарттады. Бастысы «Жетісуда жасалған»
ірі күркетауық етін өндіруші болмақ. Сәтін
салсын, Дархан Қайыржанұлы!

Дастанбек САДЫҚ.

"Jetisu" gazeti, 2026 жыл, №2.

Музей – рухани құндылық мекені

**Музей – өткен мен бүгінгі, тарих
пен тағдырды жалғап тұрған руха-
ни көпір. Ол – халықтың ғасырлар
бойы жинақтаған мәдени мұрасы
мен ұлттық құндылықтарын
сақтап, келер ұрпаққа аманат
ететін қасиетті мекен. Әрбір му-
зей экспонаты – тұтас бір дәуірдің
үнсіз куәгері, ата-бабаларымыздың
өмір салғаны мен дүниетанымынан
сыр шертетін баға жетпес қазына.**

Музейлерде сақталған тари-
хи жәдігерлер, қолөнер бұйымдары,
тұрмыстық заттар, жазба деректер
мен фотосуреттер халықтың өткені
мен бүгінін тереңірек тануға мүмкіндік
береді. Бұл орындарда адам тек
ақпарат алып қана қоймай, ұлттық рух-

ты сезініп, ел тарихына деген құрметі
арта түседі. Музей – тәрбиелік мәні зор,
рухани байлыққа жетелейтін мәдени
орталық. Бүгінгі таңда музейлердің
қоғамдағы рөлі күн санап артып келеді.
Олар тек жәдігер сақтайтын орын емес,
сонымен қатар ғылыми-зерттеу, мәдени-
ағартушылық жұмыстарды жүзеге
асыратын маңызды мекеме. Музей
қабырғасында өтетін көрмелер, дәрістер,
танымдық шаралар жас ұрпақтың тарихи
санасын қалыптастырып, отансүйгіштікке
тәрбиелейді. Қазақ халқы үшін музей –
ұлттық болмысты танытатын, салт-дәстүр
мен әдет-ғұрыпты дәріптейтін рухани
орда. Ондағы әрбір экспонатта ел тари-
хы, ерлік пен еңбектің ізі, бабалар ама-
наты сақталған. Сондықтан музейлерді



қастерлеу, оларды дамыту – рухани
жаңғырудың маңызды бөлігі. Музей – ұлт
жадының сақшысы, рухани құндылықтың
мәңгілік мекені.

А.ЕСЕРКЕЕВА,
Сарқан ауданының тарихы
музейінің экскурсия жетекшісі.

ТАРИХ САБАҒЫ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІ

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтау, елдің өткенін ұмытпау – әрбір саналы азаматтың борышы. Осы орайда мектеп қабырғасында оқытылатын тарих сабағының маңызы айрықша. Себебі тарих – халықтың жүріп өткен жолын, бастан көшкен тағдырын, жеңісі мен жеңілісін танытатын ғылым. Ал сол тарихты жас ұрпақтың санасына сіңіру – ұстаздың басты міндеті.

Тарих сабағы оқушыға тек жылдар мен оқиғаларды жаттатумен шектелмейді. Бұл пән арқылы бала өткенге үңіліп, бүгінгі күнге баға беруді, болашаққа ой жүгіртуді үйренеді. Әрбір тарихи оқиға – өмірден алынған сабақ. Оқушы ата-бабаларымыздың ерлігі мен елдігі туралы біле отырып, елін, жерін сүйге, тәуелсіздіктің қадірін түсінуге тәрбиеленеді.

Мектептегі тарих сабағы оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда да ерекше рөл атқарады. Тарихи деректерді салыстыру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, қорытынды жасау – баланың сыни тұрғыдан ойлауына жол ашады. Бұл дағдылар тек тарих пәнінде ғана емес, өмірде де қажет.

Бүгінгі білім беру жүйесінде тарих сабағын оқытудың әдістемесі жаңарып келеді. Сабақ барысында түрлі зерттеу жұмыстары, пікірталастар, жобалық

тапсырмалар ұйымдастырылып, оқушылардың белсенділігі артады. Мұндай тәсілдер оқушының пәнге деген қызығушылығын оятып, білімді саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді.

Тарих сабағы – патриоттық тәрбиенің негізгі өзегі. Өз халқының тарихын білетін жас ұрпақ туған жеріне немқұрайлы қарамайды. Ол ел алдындағы жауапкершілікті сезінеді, ұлттық құндылықтарды құрметтейді. Бұл – болашақта қоғамның дамуына үлес қоса алатын азамат қалыптастырудың алғышарты.

Сонымен қатар, тарих сабағы адамгершілік құндылықтарды дәріптейді. Өткендегі тұлғалардың өмір жолы, ел үшін жасаған еңбегі оқушыларға өнеге болып, дұрыс бағыт-бағдар береді. Жақсылық пен жамандықты, әділдік пен әділетсіздікті ажырата білуге үйретеді.

Қорытындылай келе, тарих сабағы – ұлттың рухани негізін қалыптастыратын маңызды пән. Өткенін білмеген халықтың болашағы бұлыңғыр екені анық. Сондықтан тарихты оқытуға, оны терең әрі мазмұнды жеткізуге әрдайым ерекше мән берілуі тиіс. Тарих сабағы – ел болашағына салынған берік іргетас.

Ж. КОЙЛЫБАЕВА,
К.Қазыбаев атындағы орта мектебі тарих пәнінің мұғалімі.

Психологтың білім беру жүйесіндегі рөлі

Қазіргі білім беру жүйесінде мектеп психологының орны ерекше. Оқушының тұлғалық дамуы, психологиялық жай-күйі және әлеуметтік ортаға бейімделуі оқу процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Осы бағытта мектеп психологы оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге кәсіби психологиялық қолдау көрсететін маман болып саналады.

Мектеп психологының негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың психологиялық дамуын бақылау және олардың жас ерекшеліктеріне сай дамуына жағдай жасау. Ол оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға, өзіне де-

Ел болашағы – өскелең ұрпақтың қолында. Ал сол ұрпақтың бойына білім мен тәрбие дәнін себетін ең алғашқы, ең жауапты кезең – мектепалды сынып. Бұл кезеңде баланың мінез-құлқы, дүниетанымы, қарым-қатынасы, адамгершілік қасиеттері қалыптаса бастайды. Сондықтан мектепалды сынып оқушысын тәрбиелеу – мемлекет, қоғам, білім беру ұйымы және ата-ана үшін ортақ әрі аса маңызды міндет.

Мектепалды жастағы балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескеру – тәрбие жұмысының тиімділігін арттырады. Бұл жаста бала: белсенді, қимыл-қозғалысқа құмар; ойын арқылы білім алуға бейім; еліктегіш әрі әсерленгіш; эмоциясын ашық білдіреді; үлкендердің сөзі мен іс-әрекетін үлгі тұтады. Сондықтан тәрбиеші мен ата-ана баланың әрбір әрекетіне түсіністікпен қарап, оны қолдап, дұрыс бағыт-бағдар беріп отыруы қажет.

Мектепалды сыныптағы тәрбиенің негізгі бағыттары мыналар. **Адамгершілік тәрбие** – баланың рухани дамуының өзегі. Бұл бағытта балаға: сыйластық пен ізеттілік; мейірімділік пен қамқорлық; адалдық пен әділдік; достық пен татулық сияқты қасиеттерді үйрету маңызды. **Ұлттық тәрбие** – баланың ұлттық сана-

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласына да айтарлықтай өзгеріс әкелуде. Солардың ішінде жасанды интеллект – оқу үдерісін жаңғыртудың маңызды құралына айналып отыр. Осы орайда білім саласының өкілі, мектеп басшысы ретінде жасанды интеллекті білім саласында кеңінен қолдану оқыту сапасын арттырып, білім алушылар мен мұғалімдердің мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтетіндігіне тоқталғым келеді.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Ең алдымен, жасанды интеллект жекелендірілген оқытуға жол ашады. Әр оқушының білім деңгейі, оқу қарқыны мен қабілеті әртүрлі. ЖИ осы ерекшеліктерді талдай отырып, жеке оқу бағытын ұсына алады. Бұл оқушылардың материалды жақсы меңгеруіне, өзіне деген сенімділігінің артуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ЖИ оқу жетістігін бағалау мен талдауды автоматтандырады. Тесттерді, бақылау жұмыстарын, тапсырмаларды тез әрі дәл тексеріп, оқушылардың әлсіз тұстарын анықтайды. Нәтижесінде мұғалім оқу сапасын жақсартуға бағытталған нақты шешімдер қабылдай алады.

Осы орайда мемлекет басшысы Қ.Тоқаев биылғы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялап, тиісті жарлыққа қол қойғандығы осынау салаға тың серпін беретіндігін айта кеткім келеді. Мемлекет басшысы жасанды интеллекті білім беру жүйесіне де кеңінен енгізу қажет деп санайды. – Дербес оқыту – революциялық мүмкіндік. Әдеттегі «Барлығына бір бағдарлама» моделі заман талабына сай келмейді. Әр оқушының өзіне тән ерекшелігі бар. Бірі математикаға жүйрік болса да, тіл үйренген кезде қиналады. Енді бірі гуманитарлық пәндерге жетік болса, бірі физикаға шорқақ. Жасанды интеллект арқылы осы олқылықты жоюға болады. ЖИ негізінде құрылған білім жүйесінде әр оқушының қарым-қабілетіне сәйкес жеке оқыту бағдарламасын әзірлей аламыз. Соның нәтижесінде жастардың әлеуеті мен оқуға ынтасы артады, -деп жоғарыда айтқан сөздерімізді қуаттай түседі.

Сондай-ақ Президент мұғалімдер көп уақытын жұмсайтын күнделікті күйбең ша-руаны жасанды интеллект арқылы автоматтандырудың маңызына назар аударды. – Алгоритмдер шәкірттерге жеке тапсырмалар мен дайындық тесттерін әзірлеп, жауаптарды тексеріп, олармен жылдам кері байланыс орната алады. Мұндай технологиялық шешім мұғалімдердің жұмысын едәуір жеңілдетіп, ұстаздық қызметімен айналысуына мүмкіндік береді, - деуі білім саласына жасанды интеллекті енгізуді барынша қолдап қуаттайтындығын аңғартады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект білім беру жүйесінің тиімділігін арттырып, оқыту үдерісін заманауи талаптарға сай жетілдіреді. Сонымен қатар жасанды интеллект мұғалімді толық алмастырмайтындығын, керісінше педагогтің кәсіби мүмкіндігін кеңейтетін көмекші құрал ретінде қызмет ететіндігін ұмытпауымыз тиіс. Жасанды интеллект оқушыға – жеке қолдау, мұғалімге – көмекші болса, білім жүйесіне – сапалы жаңару әкеледі деуге негіз бар. Бір сөзбен айтқанда жасанды интеллект пен адам еңбегінің үйлесімі ғана сапалы білімнің кепілі бола алады.

Назерке КУТБАЕВА,
"К.Қазыбаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Ағарту, Тасқұдық бастауыш мектептерімен" КММ директоры.

Мектептегі дефектологтың рөлі мен маңызы

Қазіргі мектепте әрбір баланың сапалы білім алуы мен жан-жақты дамуы маңызды. Осы мақсатта ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істейтін маман – дефектолог үлкен рөл атқарады. Дефектолог – дамуында түрлі ерекшеліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін арнайы маман.

Мектептегі дефектологтың негізгі міндеті – оқушылардың танымдық, сөйлеу, эмоциялық және әлеуметтік дамуындағы қиындықтарды анықтау және түзету. Ол балалардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, арнайы түзету-дамыту сабақтарын өткізеді. Бұл сабақтар баланың оқу бағдарламасын жақсы меңгеруіне және сынып ұжымына бейімделуіне көмектеседі.

Дефектолог мұғалімдермен, психологпен және ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Ата-аналарға баламен үйде қалай жұмыс жасау керектігі жөнінде кеңес беріп, мұғалімдерге оқушыны оқытуда тиімді әдістер ұсынады. Мұндай бірлескен жұмыс баланың дамуында оң нәтижелерге жеткізеді.

Қорытындылай келе, мектептегі дефектолог – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қоғамда өз орнын табуына, өзіне деген сенімділігін арттыруға және толыққанды білім алуына көмектесетін маңызды маман. Оның еңбегі инклюзивті білім беруді дамытуда аса құнды.

У.КАЛЫКОВА,
К.Қазыбаев атындағы орта мектебінің дефектологы.

бірі.

Мектеп психологы ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Ол ата-аналарға баланың психологиялық дамуы, тәрбиелеу ерекшеліктері және қиын жағдайларда дұрыс қарым-қатынас орнату жолдары бойынша кеңес береді. Сондай-ақ, мұғалімдерге оқушылармен тиімді жұмыс жасауға көмектесетін ұсыныстар ұсынады.

Қорытындылай келе, мектеп психологы – білім беру ортасындағы психологиялық ахуалды жақсартуға, оқушының жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды тұлға. Оның кәсіби қызметі оқушылардың өз мүмкіндіктерін толық ашуына, мектептегі жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған.

А.ЖУМАТАЕВА,
К.Қазыбаев атындағы орта мектебінің педагог-психологы.

МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП ОҚУШЫСЫН ТӘРБИЕЛЕУ – ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ

сезімін қалыптастыратын маңызды бағыт. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген бала туған жерін, елін, халқын құрметтеуге тәрбиеленеді. **Еңбек тәрбиесі** баланың жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Мектепалды жаста ойыншықтарын жинау, өз орнын таза ұстау, ортақ іске көмектесу сияқты қарапайым еңбек дағдыларына баулу қажет. Еңбек арқылы бала өз еңбегінің нәтижесін көріп, қанағат сезімін сезінеді. **Эстетикалық тәрбие** баланың әсемдікті қабылдауын, шығармашылық қабілетін дамытады. Сурет салу, ән айту, би билеу, мүсіндеу сабақтары арқылы бала өнерге қызығады. Табиғатты қорғауға, әдемілікті бағалауға үйренеді. **Дене тәрбиесі** – баланың денсаулығын нығайтуға бағытталған тәрбие саласы. Қимылды ойындар, жаттығулар, серуендеу арқылы баланың бұлшық еттері дамиды, шыдамдылығы артады, қозғалыс мәдениеті қалыптасады. **Мектепалды сыныпта ойын – негізгі тәрбие құралы.** Ойын арқылы бала: қоршаған ортаны таниды; қарым-қатынас жасауға үйренеді;

ойлау, есте сақтау қабілетін дамытады; өз эмоциясын басқаруды меңгереді. Дидатикалық, қимылды, сюжеттік-рөлдік ойындар тәрбиелік маңызы зор құрал болып саналады. Сондай-ақ мектепалды сынып оқушысын тәрбиелеуде ата-ана мен тәрбиешінің өзара байланысы шешуші рөл атқарады. Бірлескен жұмыс баланың тәртібін қалыптастырады; ортақ талап пен көзқарасты қамтамасыз етеді; тәрбиенің нәтижелілігін арттырады.

Қорытындылай келе, мектепалды сынып оқушысын тәрбиелеу – болашақ ұрпақтың тұлғалық қалыптасуына бағытталған күрделі әрі жауапты үдеріс. Бұл кезеңде берілген тәрбие баланың мектептегі оқуына, қоғамдағы орнын табуына, өмірге деген көзқарасына тікелей әсер етеді. Сондықтан мектепалды тәрбие жан-жақты, жүйелі және ұлттық құндылықтарға негізделі отырып жүргізілуі тиіс.

А.ТОЛЕНОВА,
К.Қазыбаев атындағы орта мектебінің мектепалды сынып тәрбиешісі.

Ақселеу СЕЙДИМБЕК

ҚАЗАҚТАР ҰСМАҢАҢ
ТҮЙІМДАР

Құбылаға қарап дәрет сындырма.
«Құранды» жерге тастама.
Құран оқығанда жалаң бас отырма.
Құран оқығанда түрегеп тұрма.
Қызға ер баланы тебуге болмайды.
Қыз баланы босағаға отырғызба.

Кәрі жілікті әйел балаға ұсынба.
Кешкі асты бақпа.
Кеште тырнағыңды алма.
Киімді желбегей жамылма.
Көгенді аттама.
Көптен дараланба.
Көп ішінде жалғыз тамақтанба.
Көрпенің ірге жағын тұйықтап жатпа.
Көрпені теріс салма (яғни, көрпенің тұйық жағын босағаға қаратып салуға болмайды).

Көршіңе жамандық ойлама.
Күйеуіңнен бұрын жатпа.
Күйеуіңнің ірге жағына жатпа.
Күні түскенге кісәпір болма.
Күректің сабын аттама.
Кірдің суын баспа.
Кірдің суын есік көзіне төкпе.
Кісіге қарап бала емізбе.
Кісіге қарап есінеме.
Кісіге қарап орынсыз күлме.
Кісіге пышақ сұқтама.
Кісіні айналма.
Кісі келгенде тамақ сұрама.
Кісі келгенде үй сыпырма.
Кісі көзінше керілме.

Майлы тамақтан соң салқын су ішпе.
Малға баскиім лақтырма.
Малға зекіме.
Малға қант, тұз ұсынып шақырма.
Малға теріс қарап мінбе.
Малға теріс мінбе.
Малдың алғашқы сауымынан алынған майды асқа қолданба босағаны, табалдырықты, киіздің етегін майла).
Малдың алдынан бос ыдыспен шығуға болмайды.
Малдың бітіміне, сүттілігіне сұқтанба.
Малды бөтен адамға саудыртпа.
Малды қу шыбықпен немесе қабықталған ағашпен айдама.
Малды сауарда балтаны ағашқа ша-нышпайды.
Малды сауған соң қол жумай тұрып, қол беріп амандасуға болмайды.
Малшыдан «Не бағып жүрсің?», «Не сауып жүрсің?» деп сұрама.
Мал қоршауына шықпа.
Мал сауатын ыдысты төңкеріп ұстама.
Мал сауып жатқанда иесімен сөйлесіп, сауынның жанына келуге болмайды.
Мал төлдеп жатқанда қарызға ештеңе берме.
Маңдайшаға төбенді тіреме.
Мас қылатын ішімдік ішпе.
Мойынға белбеу салма.
Молаға қарай жүгірме.
Молаға қарап дәрет ұсатпа.

Моланы саусағыңмен көрсетпе.
Мүгедек адамды мазақтама.
Мүрдеге топырақ салғанда күректі екінші адамға қолмен берме.
Мүрдеге топырақ салғанда күректі табаныңмен баспа.

Намазды бөлме.
Нанды бір қолмен үзбе.
Нанды жерге тастама.
Нанды лақтырма.
Нанмен ойнама.
Нанның ұнтағын тастама.

Ойланбай сөйлемме.
Ойланбай іс бастама.
Орынсыз кінә қойма.
Оттықты жақпа.
Өзгенің алдындағы асқа сұғынба.
Өзінде жоққа мақтанба.
Өзіңе ұнамағанды өзгеге теліме.
Өз басыңа лайық емес сөз айтпа.
Өлген кісіні жамандама.
Өліктің дене топырағын сәндеме.
Өлімге бата жасап қайтқанда басқа үйге кірме.
Өлім бар да қаза бар екенін ұмытпа.
Өсек тасыма.
Өтірік айтпа.

Пышақпен ойнама.
Пышақтың жүзін жалама.
Пышақтың жүзін жоғары қаратып та-стама.
Пышақты нанға қадама.

Сүйекті отқа салма.
Сүттің бетін ашық қалдырма.
Сүтті үрлеп ішпе.
Сүт сауатын шелекті су басына апарма.
Сыйлаған немесе сатқан малды еске алып қайғырма.
Сыйлаған немесе сатқан малды жүген, ноқтасымен жіберме.
Сыпырғышпен ұрма.
Сырынды көрінгенге шашпа.

Табалдырықтың сыртында тұрып сөйлеспе. Табалдырықты баспа.
Тәкаппар болма.
Тамаққа қос қолмен сұғынба.
Тамақ ішіп отырған кісіге тесіле қарама.
Тамақ ішіп отырып тұрып кетпе.
Таңғы асты тастама.
Таяққа сүйенбе.
Тоқымды төсенбе.
Төрге қарап жүреңнен отырма.
Төсекте жылама.
Тұзды баспа.
Тұмса малдың алғашқы сауған сүтін бөтенге берме.
Тұмса малды алғаш сауған соң «Сүтті екен» деп мақтама.
Түнде айнаға қарама.
Түнде бақырып жылама.
Түнде жалғыз суға түспе.
Түнде кір жайма.
Түнде сандық ашпа (шығын болады, сандық ашу керек болса, «жылан кіріп кетті» деп ашады).
Түнде суға баруға болмайды (әсіресе әйел адамға).
Түнде түсінді айтпа.
Түнде шаш алма.
Түрегеп тұрып дәрет ұсатпа.
Түсінді аузы бейпіл адамға жорытпа.
Тымақ үстінен тымақ киме.

Уыздан соң іле суық су ішпе.
Ұрлық жасама.
Үйге қарай жүгірме.
Үйге сыртыңмен кірме.
Үйде өлік жатқанда от жақпа.
Үйде ысқырма.
Үйді айналма.
Үйіңе келсе, үйдей дауыңды айтпа («Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген).
Үлкенге қарсы келме.
Үлкенге «Сен» деме.
Үлкеннен бұрын билік айтпа.
Үлкеннен бұрын төрге шықпа.
Үлкеннің сөзін бөлме.
Үлкен кісіге сыртыңды берме.
Үлкен кісіден бұрын дәмге қол созба.
Үлкен кісінің жолын кесіп өтпе.

"Ақ желкен" журналынан.

МАҒЫНАСЫ ҰМЫТЫЛЫП
БАРА ЖАТҚАН СӨЗДЕР

Аяқшы - тойда табақ тартушылар.
Үпті - дүние, мүлікті, жасаулы де-ген мағына береді. («Бәленбайдың үйі үпті»).

Аңғыс - мән-жайын, аңысын аңдау.

Тағай — құлақтың ішкі жағы.

Жаба — қыран құсты ұстайтын ер үстіне орнатылған жаппа, үйшік.

Бағар — мал («Бағар көбейсін — мал көбейсін» деген мағынада).

Тепкішек — 5-6 жаста баланы ашамай ерге мінгізеді. Онда қоржын қалта болады. Соны тепкішек дейді.

Соқыр тиын — тиынның бетіндегі бедер, таңба, жазу көп қолданғанда көмескіленіп, кейде жойылып кетеді. Сондай тиынды «соқыр тиын» дейді.

Әспет — адамға құрмет, ілтипат білдіру — әспеттеу.

Мілік — тістің еті.

Денбет — күмістелген затты ай-тады. (Мәселен, деңбеттелген күміс белдік).

Аңырақай — шөл дала, қаңсыған дала.

Насат — ерен (насат бала батыр болып өседі).

Қылаң — жылқы малының жал-пылама айтылатын түсі (ақбоз,құла, т.б).

Баран - бұл да сондай. («алдыңғы ат қылаң болмай, баран болды» (Ақан сері. Құлагер — қылаң).

Аужал — ас, тағам. (Осыны ау-жал ете тұрыңдар).

Сауға — араша тілеу. (Батырдан — сауға (олжаға үлес), аңшыдан — сыралғы).

Мырзақамақ — үй тұтқыны.

Көкжал — қасқырдың аталығы.

Тазы — аңшы иті, ауған тілінде таза, алғыр, жүйрік деген мағына береді. Фердоуси «Шахнамада» пат-ша иттерін «Саг-и-Тазі» деп атаған.

Мантық — логика.

Теософия — діни философия (Медреседе Абай мантықты да, тео-софияны да оқыған).

Шәмші — арабша күн.

Қамар — арабша ай (Шәмшіқамар — қыздың есімі).

Құрқұлақ — тістің еті қанайтын ауру (парадонтоз).

Сағанақ — киіз үйдің керегесінің қоспа ағашы.

Алшын — шабылған шөп орнына шыққан жаңа шөп.

Ақсүйек — қазақтың ұлттық ойы-ны.

Керен — су сиыр (бегемот) («Ау-зын керендей ашты»).

Нау — жалақор, даукес. («Нау құрымай дау құрымас», «наууды аяма, дауды ая»).

Өккі — тәжірибелі, басқаның қулығын тез байқағыш, басқаға ұстатпайтын адам.

Жақ — садақтың бір атауы.

Қаптағай — жабайы түйе. (Қаптағай деген батырдың аты бар).

Қайдақ — салт басты, сабау қамшылы бойдақ адам. («Қазаны жоқ — қайдақ, қатыны жоқ бойдақ» деген сөз бар қырғыздарда).

Даңғайыр — өз ісіне шебер, білгір адам.

Бапан - қамыс басының үлпілдегі («басы бапандай, аяғы сапандай —

тәуір басталып, нәтижесіз аяқталған істі айтады).

Көгілдір — аққудың балапаны

Аманат құда — балаларын жас кезінде атастырып, қалың малдың бір бөлегін төлеп қойған құдалар.

Асар - қоғамдасып көмек көрсету.

Сілбі -1) ұзақ сіркіреп жауған жа-уын (ақжаңбыр),

2) Өрмекшінің өрмек тоқуға арналған сұйық заты.

Шомай — екі құйымшақ сүйектің түйіскен жері (шонданай деп жүргеніміз осы Шомай болу керек).

Зертең — өкпе ауруы (жөтелетін).

Пыстан — көпшікті ерге бекітетін жез қалпақты күміс шеге. (Абайдың «Ескілік киімі» деген өлеңіндегі «Жарғақ жастық көпшігім жезді пы-стан» деген сөз бар).

Дәндәку — кісеннің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы (жоғарыда аталған өлеңде: «үлкен кісе белімде жез салдырған, шақпағым, дәндәкуім жарқ -жұрқ етіп» деген жолдар бар).

Күйеуаяқ — ата-енесінің күйеу жігітке атаған малы.

Жолаяқ — жолға шығарда жаса-латын рәсім.

Шүкейт - киіктің асығы (Кішкентай адамды шүкейттей деп суреттейді)

Шарғы — ұзатылып бара жатқан қыздың сіңілісіне берген орамалы.

Ашымал — арпадан, тары-дан, күріштен, ұннан, т.б. жасалған ашыған көже.

Биязы шекпен — түйе жүнінен жіңішке етіп иірілген жіптен тоқылған шекпен.

Мор — киіз үйдің ағашын (сүйегін) балқытатын орын.

Ереуіл — ұзақ жортуға шыдам-ды, мықты, берік ат. («Ереуіл атқа ер салмай»)

Кермағыз — кербез, маңғаз деген мағынада. (Абай өлеңінде бар сөз).

Ақылақ — ыстық ірімшікке шекер (қант) қосып жасалған тағам. (үлкен кісілерге, балаларға беріледі).

Ұмай ана — аңыз бойынша есте жоқ ескі заманда көк түріктер жат-жұрттықтардың қырғынына ұшырағанда бір жалғыз мүгедек ер баланы ұрғашы бері — Ұмай ана асырап жеткізеді. Түрік ұрықшәрпі (тұқымы) сол бала мен Ұмай анадан тараған делінеді аңызда.

Құзғын сәрі — (құлқын сәрі деп те айтылады) — таң ата — ерте құзғын құс қонақтаған жерінен ұшқан уақыт.

Қара өзек шақ — жазғытұрым кез.

Парсақ — орта ғасырдағы қашық-тық өлшемі. Бір парсақ шамамен 6.23 шақырымға тура келеді.

Ұраған — монғолша аттан деген мағынада (ура сөзі осыдан шыққан шығар деген ой келеді).

Өңгелек — қауынның кішкене түрі (Басын әңгелек ойнатты).

Жинастырып, жариялаған
Масфұт ХАЛИОЛЛА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



•Ардагер лебізі

Ұзартамыз өмірді

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы
бар бізде,
Денсаулықты сақтау үшін керек
осы мекеме.
Басшыларға көп рахмет зейнеткерін
ойлаған,
Жақсы өмір сүрсінші деп үлкендерін
сыйлаған.

Осының бәрін жүргізеді Фархат атты
баламыз.

Тұзды бөлме, йога бар неше түрлі
массаж бар,
Теннис те бар, велосипед,
жүгіретін жол да бар.
Би билейміз ән айтамыз көтереміз
көңілді,

Осылай біз зейнеткерлер ұзартамыз
өмірді.

Г. ШАДИБАЕВА,
қызмет алушы.

Таза ауаға скандивалық жүрісіне де
шығамыз,
Серуендеуге саябаққа Қойтас жаққа
барамыз.
Өнұранмен денемізді шынықтырып
аламыз,

Сен туған күн, мерекеніңен!

Қарабөгет ауылының тұрғыны, аса қадірлі
бауырымыз Мүкәрәм Тұрысбайұлын қаңтар
айының 19-шы жұлдызы күнгі туған күнімен
әрі 70 жас мерейтойымен шын жүректен
құттықтаймыз.

Құрметті Мүкәрәм! Жеті ондық —
өмірдің үлкен белесі, парасат пен
даналықтың, көрген-түйгеннің алтын
қазығы. Айтар ақылыңыз бен өнегелі сөзіңіз
— кейінгі ұрпаққа жарқын үлгі, еңбегіңіз бен
адамгершілігіңіз — елге өнеге.

Әр күніңіз шаттыққа, әр таңыңыз қуанышқа
толы болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға
амандық, балаларыңыз бен немерелеріңіздің
қызығын көріп, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт кешуіңізге
тілектеспіз. Жасыңыз ұлғайған сайын беделіңіз артып, ақ батамен елді ұйыстырып,
аман-есен, абыроймен жүре беріңіз! Туған күніңіз құтты болсын!

Деніңіз сау, көңіліңіз әркез шат болсын,
Алла берсін ұзақ ғұмыр, бақ қонсын.

Жетпісте де жасарып, жайнап жүріп,
Жүзге жетіп, ел сыйлаған ақсақал бол!

Ізгі тілекпен: барша Жанасбековтар әулеті атынан ағаң Қадыл.



Құрметті балықшылар!

«Балқаш-Алакөл облысаралық Бассейндік Балық шаруашылығы инспекциясы» сіздерге ескертеді!

Биылғы 2026 жылы ауа-райының қолайсыз жылы болуына байланысты Балқаш көлі толығымен қатқан жоқ. Сол себепті мұздың үстіне және балық аулауға болмайды.

Қауіпсіздік шарасын заң жүзінде қатаң сақтау міндет, әр адамның амандығы керек. Мұқият болыңыздар!

А.СЫЗДЫҚОВ,

Қаратал бөлімінің балық инспекциясының бас маманы.

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2025 жылғы 1 қазандағы № 318 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасында облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын инженерлік желілермен және коммуникациялармен қиып өтуге техникалық шарттар беру бойынша жаңа мемлекеттік қызмет енгізілді.

Техникалық шарттар автомобиль жолдарын каналдармен, байланыс және электр беру желілерімен, мұнай және газ құбырларымен, су құбырларымен, темір жолдармен және басқа да инженерлік желілермен қиып өту кезінде, сондай-ақ облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына кірме жолдар мен қосылулар салу барысында беріледі.

Техникалық шарттарды беру жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ құрылыс және техникалық нормалардың талаптарын сақтау үшін қажет.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өтініш тіркелген күннен бастап 5 жұмыс күнін құрайды.

Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш берушілер Сарқан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөліміне, Сарқан қаласы, М.Тынышбаев көшесі, 8А мекен-жайы бойынша жүгінуі қажет.

Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көрсетіледі.

Объявление

Согласно Приказу и.о. Министра транспорта Республики Казахстан от 1 октября 2025 года № 318 в Республике Казахстан внедрена новая государственная услуга — выдача технических условий на пересечение автомобильных дорог общего пользования областного и районного значения инженерными сетями и коммуникациями.

Технические условия выдаются при пересечении автомобильных дорог каналами, линиями связи и электропередачи, нефтепроводами, газопроводами, водопроводами, железными дорогами и другими инженерными сетями, а также при строительстве подъездных дорог и примыканий к автомобильным дорогам общего пользования областного и районного значения.

Выдача технических условий необходима для обеспечения безопасности дорожного движения, сохранности автомобильных дорог и дорожных сооружений, а также для соблюдения требований действующих строительных и технических норм при выполнении работ.

Срок оказания государственной услуги составляет 5 рабочих дней со дня регистрации заявления.

Для получения государственной услуги заявителям необходимо обратиться в Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Сарканского района по адресу г. Саркан, ул. М.Тынышбаева, 8 А.

Государственная услуга оказывается в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан.

ЕСКЕ АЛУ

Қарабөгет ауылында өмір сүріп, 58 жыл ғұмыр кешкен **Амиргалиев Нұрбек Сағатбекұлының** өмірден озғанына 18-інші қаңтарда 40 күн толады.

Шаңырағымыздың тірегі, қамқоршысы, отбасының берік діңгегі болған ағамыздың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

Ағатайым, биік тұрар шоқтығың,
Дәл өзіңдей бізге қамқор бопты кім?

Ата-анамыз дүниеден озғанда,
Білдірмедің олардың да жоқтығын.

Шара бар ма жазғанына Алланың,
Бар еді ғой несібелі алда күн.

Кете бардың таусылғанда дәм-тұзың,
Орындалмай қалды-ау талай арманың...

Ағамыздың 40 күндік дұға асы Қарабөгет ауылының қатымханасында өтеді. Уақыты: 18.01.2026 жыл. Сағат 12-00.

Еске алушылар: туған-туысқандары.

